

"Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998 жылғы 9 наурызындағы N 30-Ө бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі 1998 жылғы 19 наурызда тіркеген N 436 "Қазақстан Республикасында жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі туралы ақпараттарды ашу және жариялау жөніндегі ережеге" өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті төрағасының 2000 жылғы 6 қазандағы N 117-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 22 қарашада N 1296 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 149 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңына сәйкес, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі туралы ақпаратты ашу және жариялау жөніндегі жұмыстарды жетілдіру мақсатында,

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998 жылғы 9 наурызындағы N 30-Ө бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасында жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі туралы ақпараттарды ашу және жариялау жөніндегі Ережеге" мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2. Нормативтік құқықтық актінің аталуы келесі редакцияда берілсін: "Қазақстан Республикасында жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі туралы ақпараттарды ашу және жариялау жөніндегі Нұсқамасы"

3. Қолданудағы Қазақстан Республикасында жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі туралы ақпараттарды ашу және жариялау Ережесіне толассыз нөмірлеу енгізілсін. I тараудың реттік саны 1-ге өзгертілсін. 1 тараудың азат жолы 1 тармақ болып есептелсін; 2.1, 2.2, 3.1, 4.1, 4.2, 4.3, 5.1, 5.2, 5.3, 6.1 тармақ нөмірлері 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 болып сәйкестелсін.

4. 2-ші тарау мынадай мазмұндағы 3-1. жаңа тармақпен толықтырылсын: "3-1. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының" 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451-1 Заңына сәйкес, бұқаралық ақпарат құралдары деп оқтын-оқтын баспа басылымдары, радио-және телебағдарламалар, кинодокументалистика, тыңдап-көру жазбалары және тұлғалардың шектелмеген

шеңберіне арналған бұқаралық ақпаратты оқтын-оқтын немесе үзбей көпшілікке таратудың өзге нысандары танылады. Оқтын-оқтын баспа басылымдары болып газет-журналдар, альманахтар, бюллетендер және тұрақты атауы, ағымдық нөмірі бар, жарты жылда бір реттен сирек емес шығарылатын оларға қосымша б а с ы л ы м д а р е с е п т е л е д і . "

5. 4-ші тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Қор жылдық есепті тапсырғаннан кейін, бір айдың ішінде аудиттің қорытындысын ескере отырып, жыл сайын мыналарды:

1) өз қаражаты бойынша - бухгалтерлік теңгерім және қаржы-шаруашылық қ ы з м е т і н і ң е с е б і н ;

2) зейнетақы жинақтары бойынша - жинақталған зейнетақы қаражаты бойынша есеп беру үлгілерін."

6. 5-ші тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Міндетті түрде жарияланатын қаржылық, статистикалық және өзге есептер жөніндегі ақпарат өкілетті орган белгілеген бұқаралық ақпарат құралдарында б а с ы л у ы т и і с . "

7. 6-шы тармақтағы 6 деген саннан кейін "Жарияланатын" деген сөзі "және таратылатын" деген сөздермен толықтырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

8. 5-ші тарауда "Ұлттық зейнетақы агенттігі", "Агенттік", "Агенттікке" деген сөздер мәтін бойынша "Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі Комитет", "Комитет", "Комитетке" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. 10-шы тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"10. Қор, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарияламай тұрып, жарнамалық материалдардың толық мәтінін келісу үшін, Комитетке ұсынуы тиіс. "

Комитет жарнамалық материалдарды алған күннен бастап, 30 күнтізбелік күн ішінде қарап, жарнамалық өнімдердің Нұсқаулық талаптарына сәйкес екендігі туралы, немесе жіберілген кемшіліктерді жою жөнінде қорытынды береді.

Қор жарнамалық материалды таратуды тек қана Комитеттің оң қорытындысын алғаннан кейін жүргізуге тиіс."

10. 11-ші тармақтағы "жарияланымға өзгеріс енгізуді, оны" деген сөздерден кейін "болдырмау" деген сөзбен толықтырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

11. Заң бөлімі (Қ.Қ. Қамали) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде белгіленген тәртіп бойынша тіркесін.

Төраға